

**2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 607 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 қазанда № 5160 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 08/1-3/40 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 14.01.2016 № 08/1-3/40 хатымен).**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Шиелі ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2015 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2015 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері.

Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шиелі ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ.Сәрсенбаев*

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "18" қыркүйектегі  
№ 607 қаулысына 1-қосымша

**2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Аудан атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны
1	2	3

1	Шиелі ауданы	3265
---	--------------	------

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "18" қыркүйектегі  
№ 607 қаулысына 2-қосымша

## 2015 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

№	Аудан атауы	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығын (Теңге)	
		Мектепке дейінгі ұйымдар	
		Бөбекжайлар, балабақшалар (мемлекеттік/жеке меншік)	Мектепке дейінгі шағын орталықтар
1	2	3	4
1	Шиелі ауданы	18392	18392

Шиелі ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "18" қыркүйектегі  
№ 607 қаулысына 3-қосымша

## 2015 жылға ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлем ақысының ай сайынғы мөлшері
1	2	3
1	Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес